



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

*Аманжол Оспанұлы*  
Астана қаласы

№ 67/18  
город Астана

**Жауапты тұлғаны бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңын басшылыққа алып, колледждің мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қатынастарын жүйелі реттеу және көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді сапалы қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Колледжде білім беру саласы бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтер регламенттеріне жауаптылық, білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау, білім алушылардың әлеуметтік көмек және техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметті қамтамасыз ету директордың оқу өндірістік және халықаралық қатынастар жұмысы жөніндегі орынбасары А. Корольге бекітілсін.

2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметті және оқу жұмыс жоспарларының пәндері/модульдері бойынша оқыту нәтижелеріндегі айырмашылықтар бойынша мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне енетін мәліметтер мен ақпаратты жинап уақытылы ұсынуды қамтамасыз ету жауаптылығы колледж директорының оқу және аккредитация жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Сапарбековаға бекітілісін.

3. Білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай ақ қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет мәселелерін қамтамасыз ету, және тәрбие бөлімі бойынша мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне енетін мәліметтер мен ақпаратты жинап уақытылы ұсынуды қамтамасыз ету тәрбие бөлімінің бөлімше меңгерушісі, директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары м.а А.Нұрмановаға;

4. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына оқуға түсушілерден құжаттар қабылдау, білім алушыларды оқуға қабылдау мәселелері бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметті қамтамасыз ету және кәсіптік оқыту бойынша мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне енетін мәліметтер мен ақпаратты жинап уақытылы ұсынуды қамтамасыз ету колледж директорының кәсіптік оқыту және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары Н. Нуржауоваға бекітілсін.

5. Жауапты тұлғалар А. Король, Г. Сапарбекова, А.Нұрманова, Н. Нуржауова мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асыруда "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңын, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын, "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ

корғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын, «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын басшылыққа алсын.

Директор



З. Клышбаева

Таныстым

Директордың оқу өндірістік және халықаралық қатынастар жұмысы жөніндегі орынбасары

Директордың оқу және аккредитация жұмысы жөніндегі орынбасары

Директордың кәсіптік оқыту және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

Бөлімше меңгерушісі,

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары м.а.



А. Король



Г.Сапарбекова



Н.Нуржауова



А.Нұрманова

02.09.2024 ж.